

**Халық бірлігі – толеранттылық пен мәдениетаралық қатынасқа негізделген қуатты да берекелі мемлекеттің белгісі. 1 мамыр – ұлттық бірлігіміздің күні, Қазақстандағы барлық халықтардың достығы мен көлісім мерекесі, қазақстандық патриотизмнің, елімізге, халқымызға ададық мерекесі.**

Еліміз жеткен жетістіктің барлығы татулық пен көлісімнің жемісі. Бүгінде Қазақстан бірлік пен ынтымақтың, татулық пен тұрақтылықтың нышанына айналған. Бұл мереке барша қазақстандықтарды біріктіретін илгі дәстүр іспеттес. Сайып келгенде, оның миссиясы – халықтар достығы, бейбітшілік пен ынтымақтастық, жүздеген мәдениеттерді біріктірүү сынды құндылықтарды есте сақтау, дәріптеу.

1 мамыр мерекесі ТМД-ның

# **ХАЛЫҚ БІРЛІГІ – БЕРЕКЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕЛГІСІ**

көптеген елдерінде тойланады. Тіпті, кейбірі мереке деп атағанымен, атаулары бөлек. 1995 жылы 18 қазанда Қазақстан Республикасында ұлтаралық бірлік күні бекітілді. 1 мамырды Қазақстан халқының бірлігі күні деп жариялау туралы Қаулыға қол қойылды. Елімізде «Достық» деген ат-пен бір шаңырақтың астына топтасқан барлық ұлттық мәдени орталықтар мерекеде ән айтып, би билеп, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпын дәріптейді. Ал, 1 мамыр Арменияда, Беларусь және Қыргызстанда – Еңбек күні, Молдова, Украина мен Тәжікстанда – Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастығы күні, Ресей Федерациясында қоқтем мен еңбек мерекесі ретінде тойланады.

Мереке қарсаңында М.Әуезов

атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндегі әскери кафедраның құрылғанына бо жыл толуына орай, Шымкент қаласындағы жоғары оку орындары жаңындағы әскери кафедра студенттерінің арасында әскери қолданбалы спорт түрлерінен жарыс өтті. Сайыс тартысты өтсе де, студенттер арасындағы достық мен сыйластық жоғары деңгейде екеніне тағы да көз жетті. Жарыс жүлдегерлері «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ басқарма төрағасы-ректоры атындағы кубоктармен марапатталды.

**Бауыржан БАЙҒУЛОВ,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ әскери кафедрасының  
окытушысы, запастағы  
майор**